

**ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Жандос Шаймардановтың 2020 жылғы III тоқсанда
экономиканың нақты секторының кәсіпорындарына жүргізілген
пікіртерім нәтижелері бойынша (салалық конъюнктуралық шолу)
түсіндірмесі**

Ұлттық Банк кәсіпорындарға жүргізген пікіртерімнің нәтижелері бойынша 2020 жылғы III тоқсанда шамамен барлық салаларда бәсекелестіктің маңыздылығы ұлғайғаны байқалады. Сауда кәсіпорындары нарықтық бәсекелестіктің әсеріне барынша ұшырағыш, мұнда осы фактордың бизнесіне әсерін атаған респонденттердің үлесі III тоқсанда 39,5%-дан 41,2%-ға дейін ұлғайды. Осындай кәсіпорындарының ең аз үлесі тау-кен өнеркәсібінде, онда көрсеткіш 12,2%-дан 11,6%-ға дейін төмендеді.

III тоқсанда дайын өнімге сұраныспен байланысты жағдай жақсарды. Сұраныстың ұлғаюы ауыл шаруашылығында орын алды, қалған салаларда сұраныстың төмендеу қарқыны біршама баяулады. «Көлік пен қоймаға жинау» салаласын қоспағанда, барлық қаралып отырған салалар бойынша өндіріс көлемі мен сату рентабельдігі ұлғайғаны да аталады.

IV тоқсанда сұраныспен жағдай одан әрі жақсаратыны, шикізат пен материалдарға баға төмендейтіні, сондай-ақ еңбекақымен жағдай жақсаратыны күтіледі. Сонымен қатар өндіріс көлемінің маусымдық төмендеуі күтіледі.

Барлығы пікіртерімге кен өндіру, өңдеу өнеркәсібінен, құрылыстан, саудадан, ауыл шаруашылығынан және көлік пен қоймаға жинаудан 2,6 мыңнан астам кәсіпорын қатысты.